



БҰЙРЫҚ

08 08 2025 ж.г.
Қонаев қаласы

ПРИКАЗ

№ П-634
город Қонаев

**«Оңалтуды басқарушыны
жүктелген өкілеттіктерді орындаудан
шеттету туралы»**

Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы 176-V Заңының 12 бабының 7 тармағының 2) тармақшасына, 15 бабының 3) тармақшасына, 89 бабының 2 тармағының 21) тармақшасына сәйкес және «Kagazy Recycling» ЖШС (БСН 060440002497) 2025 жылғы 31 шілде кредиторлардың № 5 хаттамасы негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Бахытжан Баймаханович Данышбаев «Kagazy Recycling» ЖШС оңалтуды басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілсін.
2. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Оңалтуды басқарушыны тағайындау туралы» 2023 жылғы 01 ақпан № П-17 бұйрығының күші жойылсын.
3. Бахытжан Баймаханович Данышбаев жаңадан тағайындалған оңалтуды басқарушыға ол тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы және қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты берсін.
4. Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы (Б.М.Нұрғыдыр) осы бұйрықты оңалтуды басқарушы Б.Б.Данышбаевтың назарына жеткізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Б.С.Ескентаевқа жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

001174
Басшының м.а.

Б.С.Ескентаев